



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018 ҚАҢТАР

Өткен айлардағы негізгі үрдістер, (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (6,8%)
- Мұнай өндірудің өсу қарқыны шамалы баяулады
- Құрылыстың өсу қарқыны 2010 жылдың деңгейіне төмендеді
- Өнеркәсіптегі инвестициялар 2 есе, құрылыста 5 есе өсті
- Нақты жалақы соңғы екі жылда алғаш рет өсуді көрсетті

I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылғы қаңтарда айлық инфляция 0,7% деңгейінде қалыптасты.

Азық-түлік тауарларының бағасы 0,6%-ға қымбаттады. Бағалардың ең көп өсуі көкөніс пен жеміс-жидек, жұмыртқа, сүт өнімдері үшін байқалды, бұл маусымдық фактормен байланысты. Акциздік салықтардың өсуі, темекі өнімдері мен алкогольдік сусындар бағасын қымбаттады. Бағалардың төмендеуі дәнді дақылдар, қант, құс еті үшін байқалды.

2018 жылғы қаңтарда **азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** бағасы 0,3%-ға өсті. Сонымен бірге, барлық тауарлы заттарға баға өсуі байқалды. Азық-түлік тауарлары бағасын өсуіне кедергі келтіретін әсер ретінде бензин мен дизель отынын бағасының төмендеуі себеп болды.

Ақылы қызметтер 0,8%-ға қымбаттады. Бағалар мен тарифтердің өсуі теміржол және автокөлік қызметтері, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер саласында болды. Әуе көлігі қызметтерінің бағасы төмендеді.


2018 жылғы қаңтарында жылдық инфляция 6,8%-ды құрды. Инфляцияның баяулауы азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлары бағасының өсу қарқыны төмендеуімен қатар жүреді. Ағымдағы үрдіс табысы мен жалақылардың өсу төмендігі аясында тұтынушылық белсенділігінің азаюына байланысты.

Халықтың инфляциялық күтулері Ұлттық Банктің нысаналы дәлізінде тұр, оның үстіне бұл көрсеткіш төмендеуде және инфляциялық күтулердің тұрақтануын көрсетіп отыр.

2018 жылдың 1-ші тоқсанында жылдық инфляция динамикасы кәсіпорындардың көпшілігі (71,9%) тұтыну бағалары ағымдағы бағамен өсетін болады деп күтуде. Респонденттердің 11%-і қазіргі уақытқа қарағанда бағаның төмендеуін күтуде. Баға өсімінің жылдам қарқынмен өсуін күткен кәсіпорындардың үлесі азайды.

Ұлттық Банк болжамы бойынша жылдық инфляция біртіндеп бәсеңдейді. 2018 жылы жылдық инфляция 5-7% нысаналы дәліз ішінде қалыптасады деп күтуде.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша туынды ІЖӨ көлемі 2017 жылғы қаңтар-желтоқсанда нақты көрсеткіште 4,0%-ға ұлғайып 51,6 трлн. теңгені құрады.

ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (9,3%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,1%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,8%-ға), көтерме және бөлшек сауда (3,2%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,1%-ға) көлемінің ұлғаюы.


ІЖӨ 2017 жылдың 9 айдың қорытындысы бойынша **түпкілікті пайдалану әдісі** 4,2% деңгейде сақталуда.

Көрсеткіштің ұлғаюына шикізат тауарларының әлемдік конъюнктурасының жақсаруы аясында таза экспорттың өсуі оң үлес қосты.

Үй шаруашылық шығыстарының өсуі баяулады, бұл нақты ақшалай табыстың және айлықтың мөлшері төмендеуіне байланысты болды.


Ұлттық Банктің болжауы бойынша 2018 жылы ІЖӨ-нің нақты өсімі 2,9%, 2019 жылдың 9 айында 2,8% болады деп болжануда.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылдың қаңтарында қысқа мерзімді экономикалық индикатор* 104,7%-і құрды.

Экономикалық барлық базалық салалары өсумен сипатталды, құрылысты және сумен жабдықтауды қоспағанда.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуінің негізгі көздері өнеркәсіп секторындағы өндірістің кеңеюі, инвестициялық сұраныстың артуы және ішкі тұтынудың тұрақты қалпына келуі болды.

Оң сәттердің қатарында индустрия мен сауданы несиелеу, сондай-ақ нақты жалақының өсуі байқалды.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Өңірлік бөлікте **Атырау облысы** индикатордың көлеміне орай жетекші орын сақталуда. Көрсеткіштің өсуі аясында болды. Өнеркәсіп секторы өңірдегі өсім жүргізушісі болды, бірақ оның қарқыны баяулады. Көлік және құрылыс саласы теріс әсер етті.

2016 жылдың басынан бері алғаш рет Астана қаласында ҚЭИ азайған, бұл өңдеу өнеркәсібіндегі өндірістің төмендеуіне темір жол локомотивтерінің, есіктің және терезе алюминийінің блоктарын өндірудің төмендеуіне байланысты болды. ҚЭИ-ға құрылыстың төмендеуі әсер тигізді.

Батыс Қазақстан облысындағы ҚЭИ-нің төмендеуі тау-кен өнеркәсібіндегі газ конденсатын өндіру, байланыс және сауда көлемінің төмендеуімен байланысты.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

Өнеркәсіп саласы өнімінің нақты көлем индексі 2018 жылдың қаңтарында 5,2% -ға өсті.

Шикі мұнайды өндірудің тұрақты өсуі және темір рудаларын өндірудің оң динамикасы аясында **тау-кен өнеркәсібі** 4,5%-ға өсті. Кедергі факторлары металл кендерін және түрлі-түсті метал кендерін өндірудің қысқаруы болды.

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс 6,2%-ға өсіп, металлургия өнеркәсібі, машина жасау, азық-түлік және сусын өндірісінде өндірістің өсуімен байланысты. Кокс және тазартылған өнімдердің, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіптің өсу қарқыны баяулады.

2018 жылдың қаңтарында **жүк айналымының барлық түрлерінің** жалпы көлемі 7,9%-ға өсті.

Аймақтық жағдайында Атырау және Павлодар облыстары жүк айналымының өсуіне айтарлықтай үлес қосып келеді, бұл негізінен құбыр көлігіндегі оң динамикасымен байланысты. Темір жол көлігінің жүк айналымы 12,8%-ға артып, барлық жүк айналымының өсуіне оң үлесін қосты. Тауарлар мен багажды тасымалдау үшін ең жоғары көрсеткіштер Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркеледі.


Құрылыс жұмыстардың төмендеуі 14,9%-і құрды. Өткен жылдың жоғары базасына байланысты көрсеткіштің күрт төмендеуі түсіндіріледі, сондай-ақ Атырау облысында инженерлік құрылымдар мен құбырларды салу көлемінің төмендеуі байқалды. Өнеркәсіптің төмендеуіне Астанадағы құрылыс жұмыстарының қысқаруы да әсер етті.

Ауыл шаруашылығы 3,7%-ға өсті. Өнеркәсіптің өсуі мал шаруашылығындағы жалпы өнімнің 3,9%-ға өсуіне байланысты, өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемі өзгермеді.

Сауда саласы айтарлықтай 3,2%-ға өсуді көрсетті. Өсімнің негізгі қозғаушы күші көтерме сауда болып табылады, ол шикі мұнайды, газды, сондай-ақ мұнай компанияларына арналған жабдықтарды ұлғайту нәтижесінде өсті. Бөлшек сауда-саттық оң үрдісті көрсетті, бірақ нақты ақшалай кірістің төмендеуі аясында оның қарқыны баяулады.

Байланыс саласы біртіндеп өсуде, жыл басынан бері бұл көрсеткіш 4,4%-ды құрды. Тұтынушылар ұялы байланысты немесе басқа байланыс түрлеріне қарағанда интернетті белсенді пайдаланылатынын атап өткен жөн.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қазақстандағы қолайлы экономикалық дамудың аясында негізгі капиталға инвестициялар, сондай-ақ 2018 жылдың қаңтарында өсіп келе жатқан әлемдік тауар нарығының аясында 2018 жылдың қаңтарында 65,4%-ға өсті.

Инвестициялардың 77%-дан астамы өнеркәсіп секторына, атап айтқанда шикі мұнай мен табиғи газды өндіруге бағытталды, сондай-ақ кокс және мұнай өнімдерін өндіру және металлургия өнеркәсібіне. Құрылысқа салынған инвестициялар шамамен 5 есе өсті, бұл Шымкен мұнай өңдеу зауытын жаңғырту, теңіз кенішіндегі зауытының құрылысы, сондай-ақ Атырау мұнай өңдеу зауытында жаңа мұнай өңдеу кешені құрылысы есебінен болды. Инвестициялардың едәуір өсуі, көлік және саудада 45,4% және 41,3%-ды тиісінше құрады. Жылжымайтын мүлікпен операциялар бойынша инвестициялардың үлесі барлық инвестициялардан шамамен 8%-ын құрды, алайда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда бұл инвестициялар 21%-ға төмендеді. Ауыл шаруашылығына инвестициялардың төмендеуі байқалды.

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 70,9%, ал сыртқы инвестициялардікі 29,1% болды.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты қаражатты қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуда.


Өңірлік тұрғыда инвестициялардың 67%-дан астамы Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстарына бағытталды. Солтүстік Қазақстан облысына ең аз сома инвестицияланды.

Мәлімет үшін:

Ұлттық Банк нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген пікіртерімдердің шегінде респонденттер айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың ішінде қаржылай қаражаттың жеткіліксіздігі, өнімге сұраныстың жеткіліксіз деңгейін, басқа кәсіпорындар жағынан нарықтық бәсекелестікті, кірістің жеткіліксіздігін және Қазақстан экономикасының жай-күйін атап өтті.


жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰЭМ СК деректері бойынша




VI. Сыртқы сауда айналымы

2017 жылы бойынша сыртқы сауда айналымы 25,0%-ға (экспорт 31,6%-ға, импорт 15,5%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі 68% астам, олардың экспорты 38,7%-ға өсті. Металдар мен олардан жасалған өнімдер экспорты да 41,6%-ға ұлғайды. Жоғарыда көрсетілген тауарлар экспортының өсуі бірнеше факторларға байланысты, атап айтқанда әлемдік шикізат нарықтарында баға конъюнктурасы жақсарғанына, сондай-ақ Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемінің артуы негізделді.

ЕО елдері (үлесі 50,2%), Қытай (үлесі 12,0%), ТМД елдері (үлесі 16,9%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,6%.


2017 жылы импорт бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Импортта елеулі үлес химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 21,0%), машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 15,0%), сондай-ақ металдар және олардан жасалған бұйымдар (өсім 18,9%) құрайды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 41,8%), ЕО елдеріне (үлесі 19,6%) және Қытайға (үлесі 16,0%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2017 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Өзбекстанда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2017 жылғы 3-тоқсанда 2017 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Армения және Украина). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Әзірбайжан мен Тәжікстанда тіркелді. Әзірбайжанның ІЖӨ-сі 2-тоқсанда теріс аймақта болды.



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)


2017 жылғы төртінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халық 0,2%-ға өсті (2017 жылғы үшінші тоқсанда 0,2%-ға төмендеді болды).

Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде өсуі байқалды (2016 жылдың төртінші тоқсанына 3,4%-ға өсу).


Бұдан басқа, жұмыспен қамтылғандардың санының өсуі білім беруде (2,3%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (2,8%) байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі ауыл шаруашылығында, сауда және құрылыс саласында байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Алматы облысында (1,5%-ға өсті), Алматы (2,6%-ға) және Астана (6,6%-ға) қалаларында байқалды.

2017 жылы желтоқсанда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 70,3 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі төмендеуде. 2017 жылғы төртінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,0%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 40 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде – 21,9%-бен сақталуда.

Бір аптада 35 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2017 жылғы төртінші тоқсанда біршама өсіп, үлесі 70,5% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы қаңтарда бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 7,2%-ға ұлғайып, 150,3 мың теңгені құрады.

Салалар бөлігінде 2017 жылғы 4-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (32,3%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (9,9%-ға), құрылыста (7,8%-ға), мемлекеттік басқару және қорғаныста (7,4%-ға) тіркелді.

2017 жылғы 4-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атырау облысында (288,3 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (107,0 мың теңге) тіркелді.


2017 жылғы 4-тоқсанда нақты жалақы 1,4%-ға азайды.

2017 жылғы 3-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 4,5%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім өнеркәсіпте (12,1%-ға өсті), құрылыста (8,7%-ға), ауылшаруашылығында (6,5%-ға) және байланыс саласында (7,9%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн (ауылшаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша